

«КМФ Банк» АҚ
Орнықты даму саясаты

Бизнес - иегері:	Стратегиялық даму және ESG басқармасы
Бекітілді:	Директорлар кеңесінің 11.02.2026 жылғы №1 хаттамасы
Қолданысқа енгізілді:	11.02.2026 бастап
Күші жойылды деп танылды:	Директорлар кеңесінің 12.11.25 ж. №3(9) шешімімен бекітілген «КМФ Банк» АҚ Орнықты даму саясаты
ІНҚ-ға қол жеткізу деңгейі:	Жалпыға қолжетімді құжат

Алматы қ.,
2025 ж.

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
2-тарау. Саясаттың мақсаттары мен қағидаттары.....	4
3-тарау. Орнықты даму және ESG саласындағы негізгі бағыттар мен міндеттер	5
4-тарау. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.....	6
5-тарау. Жауапты қаржыландыру.....	8
6-тарау. Орнықты даму және ESG басқару жүйесі	9
7-тарау. Орнықты даму мәселелерін басқару тетіктері	11
8-тарау. Мониторинг және есептілік	11
9-тарау. Қорытынды ережелер.....	12

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «КМФ Банк» АҚ орнықты даму саясаты (бұдан әрі – Саясат) «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) орнықты даму және ESG саласындағы қызмет тәсілдерін жүйелейтін негізгі ішкі нормативтік құжат болып табылады.
2. Осы Саясат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, бейрезидент-банктерінің филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасына, уәкілетті органның ұсыныстарына, орнықты даму және ESG саласындағы халықаралық стандарттар мен қағидаттарға, Банк Жарғысына және орнықты даму мен ESG-ге байланысты мәселелерді және әртүрлі аспектілерді регламенттейтін Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.
3. Осы Саясат Банктің негізгі құндылықтарына: Knowledge (Білім), Motivation (Ынталандыру), Freedom (Еркіндік) сәйкес келеді және оларды Банктің орнықты даму процестеріне біріктіруге бағытталған.
4. Осы Саясат Банкке қолданылатын орнықты даму және ESG саласындағы қағидаттарды, талаптарды және ережелерді сақтау бойынша Банктің міндеттемелерін, оның ішінде Банк қосылған ерікті ғаламдық бастамаларды көрсетеді.
5. Осы Саясатты мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға байланысты өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, Банктің ішкі нормативтік құжаттарын дайындау және бекіту, ақпаратты тарату және қарым-қатынастың басқа да түрлері кезінде Банктің барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары сақтауға міндетті.
6. Осы Саясат заңнамадағы өзгерістерді және орнықты даму мен ESG саласындағы жаңа стандарттардың халықаралық және ұлттық практикаға енгізілуін, стратегиялық құжаттардың жаңартылуын ескере отырып, сондай-ақ Банктің орнықты қызметі практикаларының дамуын ескере отырып, бірақ 3 (үш) жылда кемінде 1 (бір) рет қайта қаралуы және жаңартылуы мүмкін.
7. Осы Саясат Банктің www.kmf.kz интернет-ресурсында орналастырылатын, жалпыға қолжетімді құжат болып табылады.
8. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:
 - 1) ЕДБ – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі;
 - 2) ТНК – тиімділіктің негізгі көрсеткіштері;
 - 3) ҚР – Қазақстан Республикасы;
 - 4) ДК – Банктің Директорлар кеңесі;
 - 5) БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;
 - 6) ОДМ – Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму мақсаттары;
 - 7) ЭжӘ – экологиялық және әлеуметтік;
 - 8) ESDD (Environmental and Social Due Diligence) – экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді кешенді бағалау;
 - 9) ESG (Environmental, Social, Governance) – экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару.
 - 10) Әсер – адамдарға және жергілікті қоғамдастықтарға, қоршаған ортаға және экономикаға әрекет немесе әрекетсіздік, қызмет, жоба, бағдарлама немесе саясат нәтижесінде орын алатын ықпал;
 - 11) Мүдделі тараптар – Банк қызметіне әртүрлі дәрежеде тартылған, Банк қызметінің нәтижелеріне әсер ететін және/немесе өз шешімдері мен қызметіне Банк тарапынан әсерді сезінетін жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар тобы;
 - 12) Орнықты даму жөніндегі ақпарат – Банк орнықты даму жөніндегі есеп шеңберінде ашатын, орнықты даму саласындағы қаржылық емес ақпарат болып табылатын ақпарат;
 - 13) Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді кешенді бағалау (ESDD) – қарыз берудің Банк үшін әлеуетті міндеттемені немесе тәуекелді білдіруі мүмкін экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер әкелмейтініне көз жеткізу мақсатында Банктің әлеуетті клиентінің қызметіне байланысты әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді талдау;

14) Жауапты қаржыландыру – бұл орнықты экономикалық өсуді, әлеуметтік әділеттікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық қызметтерді ұсыну тәсілі;

15) Орнықты даму жөніндегі есеп – экология, әлеуметтік жауапкершілік және экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйесінің, корпоративтік басқару жүйесінің жұмыс істеуі мәселелерін қамтитын Банктің есебі және (немесе) жылдық есебі;

16) Кәсіби қоғамдастық – орнықты даму және ESG сарапшылары;

17) Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйесі – Банктің қарыз алушыларына кредит беру кезінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді анықтау және басқару үшін Банктің саясаттары, рәсімдері, құралдары мен ішкі ресурстары кешені;

18) Әлеуметтік тәуекелдер – клиенттерді, серіктестерді, жеткізушілерді және өзге де мүдделі тараптарды қоса алғанда, Банктің қоғаммен өзара іс-қимылынан орын алатын шығындардың туындау ықтималдығы.

19) Уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;

20) Орнықты даму – Банк өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптар мүдделерінің сақталуын ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму. Орнықты даму болашақ ұрпақты өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс;

21) ОДМ – кедейлікті жоюға, теңсіздікпен және әділетсіздікпен күресуге, сондай-ақ планетаны қорғауға және бүкіл халық үшін бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған ғаламдық қабылданған мақсаттар;

22) Экологиялық тәуекелдер – табиғи орта және (немесе) оның жекелеген құрамбөліктері үшін елеулі және қайтымсыз салдары бар экологиялық залал немесе адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіру тәуекелдері;

23) ESG-тәуекелдер – Банктің пайдасы мен залалына әсер ететін экологиялық тәуекелдер, әлеуметтік тәуекелдер және корпоративтік басқару тәуекелдері;

24) ESG-стратегия – қызметтің барлық бағыттары бойынша бағалау және шешім қабылдау процестеріне экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды біріктіруге бағытталған практикалық іс-әрекеттерді тұжырымдамалау және жүзеге асыру процесін көздейтін Банктің орнықты даму стратегиясы;

25) ESG-трансформация – қызметтің барлық бағыттары бойынша бағалау және шешім қабылдау процестеріне экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын біріктіру арқылы Банк қызметінің жүйелі өзгерістері.

2-тарау. Саясаттың мақсаттары мен қағидаттары

9. Осы Саясаттың негізгі мақсаты клиенттермен, жеткізушілермен, серіктестермен, инвесторлармен, акционерлермен, жергілікті қоғамдастықтармен және мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасау арқылы елдің экономикалық дамуына атсалысуға, қоршаған ортаны сақтауға және қоғамның өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған Банктің ұзақ мерзімді өсу стратегиясына ESG аспектілерін біріктіру болып табылады.

10. Банк БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы Күн тәртібінде бекітілген барлық ОДМ-ны қолдайды. Оларға қол жеткізуге қосқан үлесінің тиімділігін арттыру үшін Банк өзі елеулі үлес қоса алатын 4 басым ОДМ бөліп шығарады:

1) № 4 мақсат – жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы білім алуды ынталандыру;

2) № 5 мақсат – гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту;

3) № 8 мақсат – үдемелі, барлығын қамтитын және орнықты экономикалық өсімге, баршаның толық және өнімді жұмыспен қамтылуына және лайықты жұмысына жәрдемдесу;

4) № 9 мақсат – тұрақты инфрақұрылымды жасау, барлығын қамтитын және орнықты индустрияландыруға және инновацияларға жәрдемдесу;

11. Банк орнықты даму және ESG бойынша ақпаратты жыл сайын ашу шеңберінде ОДМ-ға қол жеткізу нәтижелері туралы мүдделі тараптарды хабардар етеді.

12. Орнықты даму саласындағы (ESG) мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметті жүзеге асыру кезінде Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді экономикалық құндылық құруға ұмтылу;
- 2) барлық мүдделі тараптар арасында орнықты даму және ESG мәдениетін қалыптастыру;
- 3) адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, инклюзивтілікті, әртүрлілікті, әділ және тең қатынасты қолдау;
- 4) қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- 5) жауапты қаржыландыру және ЭЖӘ тәуекелдерді тиімді басқару практикасын дамыту;
- 6) этикалық бизнес-тәсілдерді ұстану және корпоративтік басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің үздік тәжірибелерін енгізу;
- 7) заңнамалық нормаларды сақтау, өзіне алған міндеттемелерді орындау және халықаралық стандарттарды ұстану;
- 8) қызметтің ақпараттық ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету.

3-тарау. Орнықты даму және ESG саласындағы негізгі бағыттар мен міндеттер

13. Банк бағыттарды қызметтің негізгі тақырыптық салалары ретінде, ал міндеттерді стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және алынған міндеттемелерді үздік халықаралық практикаларға сәйкес орындау үшін нақты бағдарлар ретінде айқындай отырып, ESG және орнықты дамуға жүйелі тәсілдеме енгізеді:

- 1) қоршаған ортаға әсерді төмендету:
 - а) Банк қызметінің қоршаған ортаға әсеріне тұрақты мониторинг жүргізу және бақылау жасау, ресурстарды барынша оңтайлы пайдалану үшін шаралар енгізу;
 - б) қалдықтардың көлемін азайту, сондай-ақ олардың айналымы процестеріне мониторинг пен бақылау жүргізу;
 - в) салалық ерекшеліктерді және экологиялық тәуекелдерді төмендету қажеттілігін бетке ұстап, клиенттер қызметінің экологиялық аспектілерін есепке алу;
 - г) клиенттер, серіктестер және жеткізушілер арасында жоғары экологиялық стандарттарды енгізуге және таратуға атсалысу;
 - д) экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал ететін экологиялық бастамалар мен жобаларды қолдау.
- 2) жауапты қаржыландыру практикаларын дамыту:
 - а) жалпыға бірдей танылған стандарттарға жауап беретін жауапты қаржыландыру тетіктері мен құралдарын енгізу;
 - б) басқару жүйесін және клиенттердің қызметін ESG-трансформациялауға, оның ішінде консультациялар арқылы жәрдемдесу;
 - в) кредиттік шешім қабылдау кезінде ESG-қағидаттарға сәйкестікті бағалау нәтижелерін есепке алу;
 - г) жауапты қаржыландырудың негізгі бағыттары бойынша ТНК жүйесін енгізу;
 - д) ЭЖӘ тәуекелі жоғары қаржыландырылатын жобалардың талаптарға сәйкес болуы мақсатында оларға тұрақты мониторинг жүргізу.
- 3) ЭЖӘ тәуекелдерді басқару практикаларын енгізу және дамыту:
 - а) ЭЖӘ тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестерін қоса алғанда, ЭЖӘ тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу;
 - б) қарыз алушылар мен жобалар үшін ЭЖӘ тәуекелдерді кешенді бағалауды (ESDD) енгізу;
 - в) клиенттер қызметінің және ЭЖӘ тәуекелі жоғары жобалардың ЭЖӘ тәуекелдер көрсеткіштеріне тұрақты мониторингті қамтамасыз ету;
 - г) есептілік және құжаттама арқылы ЭЖӘ тәуекелдерді басқарудың айқындылығын қамтамасыз ету;

д) жауапты бөлімшелердің міндеттерін анықтау және оларды оқытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ ЭЖӘ тәуекелдерді тиімді басқару үшін ресурстар беру.

4) адам құқықтарын сақтау және еңбек практикасына жауапкершілікпен қарау:

а) Банктің барлық қызметкерлері үшін теңдікті және әділ еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

б) орнықты даму және ESG мәселелерін қоса алғанда, Банк қызметкерлерін тұрақты оқыту және кәсіби дамыту;

в) Банк қызметкерлерінің қанағаттанушылығын мен қатысуын бағалау үшін тұрақты сауалнамалар мен кері байланыс арналары;

г) қызметкерлердің және мүдделі тараптардың іскерлік этиканы, құқықтық нормаларды бұзу, адам құқықтарын сақтау, гендерлік теңдік және тең мүмкіндіктер мәселелері бойынша аноним өтініштері үшін байланыс арналарының болуын қамтамасыз ету және кудалаудан қорғау.

5) орналасқан өңірлерінің әлеуметтік дамуына атсалысу:

а) әлеуметтік және экологиялық қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдауға қатысу;

б) қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, салауатты өмір салтын, озық технологияларды қолдануды насихаттау;

в) халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру;

б) корпоративтік басқару практикаларын жетілдіру:

а) корпоративтік басқару және іскерлік этика саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкестігі;

б) корпоративтік және орнықты іс-тәжірибелерді басқаруда айқындық пен ашықтықты арттыру;

в) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржылық қылмыстардың алдын алу бойынша заң талаптарын сақтау;

г) мүдделі тараптардың мүдделері мен күткен үміттерін анықтау және есепке алу;

д) басым ОДМ-ға қол жеткізуге ықпал ететін жобалар мен бастамалар туралы хабардар ету;

е) Банктің саясаты, шешімдері мен іс-әрекеттері, олардың қоғамға, экономикаға және қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратты түсінікті және қолжетімді түрде ашу.

4-тарау. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

14. Банк ашық және тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ете отырып, орнықты даму және ESG мақсаттарын іске асыру кезінде барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескереді. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл ұзақ мерзімді құндылықты құрудың және ESG мақсаттарына жетудің маңызды элементі болып табылады.

15. Банк барлық мүдделі тараптармен ашық диалог жүргізеді, мүдделі тараптардың өкілдері үшін барынша қолайлы өзара іс-қимыл тәсілдерін және байланыс арналарын айқындайды.

16. Банк ықпал ететін және Банк үшін маңызды болып табылатын мүдделі тараптардың топтарын анықтайды.

17. Осы Саясатқа сәйкес Банк мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық құруға бағытталған бірқатар қағидаттар мен міндеттемелерді белгілейді.

18. Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл кезінде ұзақ мерзімді құндылықты, жоғары ақпараттық айқындықты және сенімді қалыптастыру үшін Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) акционерлер құқықтарының теңдігін және олардың маңызды шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету;

2) Банк қызметі мен қызметінің нәтижелері туралы толық және түсінікті есеп беру;

3) тиімді корпоративтік басқаруды қамтамасыз ету және Банктің инвестициялық тартымдылығын жақсарту.

19. Банк кәсіпқойлық пен жақсы еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, таланттарды тартуға, сақтауға және дамытуға ұмтылады. Қызметкерлерге қатысты Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) қызметкерлердің негізгі санаттарындағы гендерлік, этникалық және жас ерекшеліктерін қоса алғанда, кадрлық алуандықты қолдау;

2) жұмыспен қамту тұрақтылығына, жұмыстағы икемділікке және жұмыс пен жеке өмірдің тепе-теңдігіне жәрдемдесу, сондай-ақ төтенше жағдайларға ден қоюды, алғашқы көмек көрсетуді және өрт қауіпсіздігін оқытуды және қауіпсіз офис ғимараттарын қоса алғанда, жұмыс орнындағы денсаулық пен еңбекті қорғауға ықпал ететін еңбек жағдайларын жасау;

3) қызметкерлер үшін бірдей мүмкіндіктерді қолдау, жауапкершіліктің барлық функциялары мен салаларында гендерлік теңгерімге ұмтылу;

4) қызметкерлердің этикалық және жауапты мінез-құлық қағидаттарын сақтауын қамтамасыз ету;

5) орнықты даму және ESG мәселелері туралы қызметкерлердің хабардар болуын арттыратын бағдарламаларды жүзеге асыру.

20. Клиенттермен өзара іс-әрекет кезінде Банк сенімге негізделген ұзақ мерзімді қатынастар орнатуға және клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылады. Клиенттерге қатысты Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Банктің өнімдері мен қызметтері, сондай-ақ оларды алу шарттары туралы хабардар ету;

2) қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін клиенттердің күткендері мен қажеттіліктерін түсіну;

3) кәсіби консультация беру;

4) клиентке бағдарланған өнімдер мен инновацияларды әзірлеу және енгізу;

5) Банктің өнімдері мен қызметтеріне ашық және жауапты баға белгілеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру арқылы клиенттердің шамадан тыс берешегін болдырмау;

6) клиенттердің сұрақтарына және мәселелеріне жедел әрекет ету;

7) осы Саясат және Банктің өзге де салалық саясаттары мен рәсімдері шеңберінде этикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді, сондай-ақ қаржылық және тәуекелдік өлшемшарттарды ескере отырып шешімдер қабылдау;

8) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың), терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың алдын алу.

21. Реттеуші органдармен және мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл жасау кезінде Банк заңнамалық және нормативтік талаптарды ұстанады, нормативтік базаның дамуына үлес қосады және орнықты әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін мемлекетпен ынтымақтастықты нығайтады. Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) банктік қызметтің және өзге де қызметтің нәтижелері және барлық заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуы туралы өзекті және шынайы ақпарат беруді қамтамасыз ету;

2) банктік қызметті және өзге де қызметті жүзеге асыруға лицензияларды сақтау, Банк қызметіне тән тәуекелдерді барынша азайту;

3) мемлекетпен, елді дамытудағы серіктес ретінде де, негізгі клиент ретінде де қатынастарды нығайту;

4) экономикаға және банк қызметіне әсер ететін ҚР заңнамасын әзірлеу және (немесе) жетілдіру процестеріне қатысу;

5) жауапты және адал салық төлеуші ретінде міндеттемелерді орындау.

22. Жеткізушілермен және мердігерлермен өзара іс-қимыл жасау кезінде Банк жауапты банк ісінің қағидаттарын ескере отырып, этикалық және көлеңкесіз ашық қатынастар құрады. Оларға қатысты Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Банктің сатып алуларынан болатын экологиялық ізді барынша азайтуға ұмтыла отырып, осындай мүмкіндік болған жағдайда орнықты даму қағидаттарын сақтай отырып өндірілген өнімді жеткізушілерге артықшылық беру;

2) тараптардың жасалған шарттар мен келісімдердің талаптарын орындауын қамтамасыз ету;

3) Банк қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өнімдерді немесе қызметтерді уақтылы алу;

4) жеткізушілер мен мердігерлердің адам құқықтарын сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауына атсалысу.

23. БАҚ-пен өзара қатынас кезінде Банк қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету және Банкке деген сенімді нығайту үшін ашық және адал өзара қатынасты қолдайды. Оларға қатысты Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) мүдделі тараптар мен қалың жұртшылықты Банк қызметін жауапты жүргізудің нәтижелері туралы хабардар ету үшін медиа арналарды пайдалану;

2) оң ықпалды қалыптастыру және орнықты бизнес-нәтижелерге қол жеткізу үшін сындарлы диалог жүргізу;

3) БАҚ-пен ашық өзара қатынас жасау арқылы Банктің беделін қорғау және нығайту.

24. Банк орнықты дамуға және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыра отырып, жергілікті қоғамдастықтардың дамуын қолдайды. Жергілікті қоғамдастықтарға қатысты Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Банктің орнықты даму және ESG саласындағы кешенді қызметіне ықпал ететін серіктестік қатынастарды құру;

2) азаматтардың қаржылық сауаттылығын жоғарылату үшін жалпы қаржылық білім беруді алға бастыру;

3) халықтың ең осал топтарын қолдауға, жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға және әлеуметтік инклюзияны арттыруға бағытталған әлеуметтік инвестицияларды іске асыру;

4) қоршаған ортаға әсер ету деңгейін төмендетуге, адам құқықтарын сақтауға, әлеуметтік және экологиялық қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдауға бағытталған Банктің міндеттемелері мен бастамалары туралы хабардар болуды арттыру.

5) жергілікті экономиканың дамуына атсалысып, жергілікті мамандарды жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндіктер жасау және қажет болған жағдайда оқыту.

25. Қаржы нарығына қатысушылармен өзара іс-әрекет кезінде Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) қарыз капиталына және инвестицияларға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2) қаржы нарығы субъектілерінің жалпы мүдделерін қорғау;

3) қаржы нарығын дамыту және орнықты даму мәселелері бойынша өзара сындарлы іс-қимыл.

26. Кәсіби қоғамдастықтармен өзара іс-әрекет кезінде Банк мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) үздік тәжірибелерге сәйкес орнықты даму және ESG қағидаттарын енгізу;

2) орнықты даму және ESG саласындағы ұлттық және халықаралық бастамаларға қатысу;

3) Банк қызметкерлерін орнықты даму және ESG мәселелері бойынша оқыту;

4) ESG рейтингін алу және оны одан әрі жақсарту.

5-тарау. Жауапты қаржыландыру

27. Орнықты даму қағидаттарын жүзеге асыру шеңберінде Банк ESG-практикаларды енгізудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қаржыландыруға жауапты қараудың маңыздылығын таниды.

28. Банк қызметімен байланысты жауапты қаржыландыру әлеуметтік, экологиялық және экономикалық әсерді басқаруға бағытталған және мынадай басымдықтарды қамтиды:

1) қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне елеулі зиян келтіретін жобаларды қаржыландырмауға бағытталған ерекшеліктер тізімін сақтау және өзекті қалпында ұстау;

2) қаржыландыру кезінде елеулі ЭЖӘ тәуекелдерді анықтау және олардың алдын алуды, барынша азайтуды немесе клиент тарапынан тиімді басқаруды қамтамасыз ету.

3) ЭЖӘ тәуекелдерді төмендетуге бағытталған және орнықты дамуға ықпал ететін экологиялық бағдарланған жобалар мен бастамаларды қолдау.

29. Жауапты қаржыландыру мақсаттарына қол жеткізу үшін Банк мынадай міндеттер мен бастамаларды іске асыра отырып, кешенді тәсілді қолданады:

1) жауапты қаржыландыру саласындағы мақсаттарды анықтау;

2) Банк жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырмайтын немесе айтарлықтай шектейтін қызмет түрлерін айқындау;

3) кредит беру процесінде ЭЖӘ тәуекелдерді анықтау, санаттау, азайту және басқару үшін әдіснамаларды, процестер мен рәсімдерді әзірлеу, сондай-ақ қызметкерлерді тиісінше оқыту;

4) Банк үшін жасыл экономика бөлігіндегі негізгі салалар мен жобаларды айқындау;

5) «жасыл» кредит беру саласындағы ішкі процестерді ұлттық және халықаралық таксономия талаптарының негізінде құру;

6) жауапты қаржыландыру құралдарын, оның ішінде «орнықты», «жасыл» құралдарды әзірлеу және енгізу;

7) Банктің «жасыл» кредит беруді дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын кеңейту.

30. Банк орнықты даму жөніндегі жыл сайынғы есептерде тиісті ақпаратты жариялай отырып, мүдделі тараптарды теріс экологиялық және әлеуметтік әсерді барынша азайту саласындағы қол жеткізілген нәтижелер туралы, сондай-ақ экологиялық бағдарланған жобаларды қолдау туралы хабардар етеді.

6-тарау. Орнықты даму және ESG басқару жүйесі

31. Орнықты даму және ESG басқарудың ұйымдық құрылымы мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Банктің басқару органдары мен құрылымдық бөлімшелері арасында ESG аспектілерін және ЭЖӘ тәуекелдерді басқару уәкілеттіктерін бөледі:

1) Директорлар кеңесі;

2) Басқарма;

3) ДК жанындағы стратегиялық даму және ESG комитеті;

4) Стратегиялық даму және ESG басқармасы;

5) Кредиттік тәуекелдер департаменті;

6) өнімдерді әзірлеуге және бизнес жүргізуге (соның ішінде кредиттік өнімдерді әзірлеу бойынша бөлімшелер, сатуды басқарушы бөлімшелер, сондай-ақ филиалдар мен жеке менеджерлер сияқты фронт-офис бөлімшелері) және операциялық қызметке қатысатын бөлімшелер.

32. ДК орнықты даму және ESG басқару жүйесі шеңберінде, бірақ онымен шектелмей:

1) Банктің орнықты даму және ESG саласындағы стратегиялық мақсаттарын айқындайды және оларды Банктің жалпы стратегиясына біріктіреді, Банк Басқармасының оларды орындауын бақылайды;

2) осы Саясатты, Банктің орнықты даму және ЭЖӘ тәуекелдерді басқару саласындағы өзге де негізгі ішкі нормативтік құжаттарын және есептілігін бекітеді;

3) Банктің Басқарма мүшесі және (немесе) орнықты даму жөніндегі директор жетекшілік ететін орнықты даму жөніндегі бөлімшенің және (немесе) уәкілетті тұлғаның болуын қамтамасыз етеді;

4) Банктің орнықты даму стратегиясында айқындалған орнықты даму мақсаттарына сәйкес келетін ЭЖӘ тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді;

5) ДК жанындағы Стратегиялық даму және ESG комитетінің міндеттерін бөледі, орнықты даму саласындағы мақсаттарға мониторинг жүргізу үшін ТНК белгілейді және

олардың орындалуын бақылайды, оның ішінде орнықты даму жөніндегі ақпараттың уақтылы және сенімді ашылуын (ESG) бақылайды;

6) ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

33. Орнықты даму және ESG басқару жүйесі шеңберінде Банк Басқармасы мыналарды:

1) осы Саясатты әзірлеуді және жүзеге асыруды;

2) ESG-тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдерінің кешенін әзірлеуді және жүзеге асыруды;

3) орнықты даму (ESG) бойынша ақпаратты ашу рәсімдерін әзірлеуді;

4) банктік қарыз шартын жасаудың алдында маңызды және тәуекелі жоғары жобаларда ЭЖӘ тәуекелдердің жарамдылығы туралы шешім қабылдаудың рәсімдерін және (немесе) ішкі тәртібін әзірлеуді;

5) жоғары ЭЖӘ тәуекелдері бар қарыз операцияларын жүргізуден бас тартудың рәсімдерін және (немесе) ішкі тәртібін әзірлеуді;

6) орнықты даму (ESG) жөніндегі ақпаратты қалыптастыру мақсатында деректерді жинау жүйелерін әзірлеуді және ЭЖӘ тәуекелдерді басқару бойынша статистиканы құруды;

7) орнықты даму (ESG) бойынша ақпаратты уақтылы және дұрыс ашуды қамтамасыз етеді, бірақ олармен шектелмейді;

8) ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

34. ДК жанындағы Стратегиялық даму және ESG комитеті орнықты даму және ESG басқару жүйесі шеңберінде, бірақ онымен шектелмей:

1) осы Саясаттың және Банктің орнықты даму және ESG, ESG-тәуекелдерді басқару саласындағы өзге де ішкі нормативтік құжаттардың жобасын алдын ала қарайды;

2) Банк қызметіне ESG қағидаттарының біріктірілуін, олардың жүзеге асырылуын бақылайды;

3) орнықты дамуға және ESG-ге байланысты барлық мәселелерді, соның ішінде Банктің орнықты даму жөніндегі есептілігін Директорлар кеңесінің бекітуіне шығарудың алдында қарайды.

35. Стратегиялық даму және ESG басқармасы орнықты даму және ESG басқару жүйесінің шеңберінде, бірақ онымен шектелмей:

1) Банк қызметіне орнықты даму (ESG) бойынша тәжірибелер мен тәсілдерді енгізеді;

2) клиенттерге кредит беру кезінде ЭЖӘ басқаруды және Банктің ЭЖӘ тәуекелдерін басқару жүйесін реттейтін құжаттарды қоспағанда, Банктің ESG бойынша ішкі нормативтік құжаттарын әзірлейді;

3) орнықты даму (ESG) туралы ақпаратты сұрау салу бойынша Басқармаға және ДК-ге береді;

4) Банк қызметкерлерін орнықты даму, ЭЖӘ тәуекелдер мәселелері бойынша тұрақты оқытуды ұйымдастырады, сондай-ақ орнықты дамуға байланысты барлық тренингтердің мазмұнын үнемі жаңартып отырады;

5) орнықты даму (ESG) жөніндегі есептің дайындалуын үйлестіреді.

36. Кредиттік тәуекелдер департаменті орнықты дамуды (ESG) басқару жүйесі шеңберінде, бірақ онымен шектелмей:

1) ЭЖӘ тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлейді;

2) ЭЖӘ тәуекелдерді кешенді бағалаудың (ESDD) жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

3) талаптарға сәйкестікті тексеруді және тәуекелдерді санаттауды қоса алғанда, ЭЖӘ тәуекелдерді кешенді бағалау (ESDD) нәтижелерін талдайды;

4) ЭЖӘ тәуекелдердің орташа немесе жоғары деңгейімен жобаларды қарайды не болмаса түпкілікті шешім қабылдау үшін оларды Банк Басқармасының қарауына береді.

37. Өнімдерді әзірлеуге және бизнесті жүргізуге қатысатын бөлімшелер (кредит беруді және операциялық қызметті қоса алғанда) Банктің бизнесті орнықты дамыту саласындағы мақсаттарын жүзеге асырады және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес орнықты даму қағидаттарының сақталуын, сондай-ақ ЭЖӘ тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

- 1) ЭЖӘ тәуекелдер саласындағы өнімдерді, әдіснамалар мен стандарттарды әзірлеуге жауапты бөлімшелер;
- 2) Банктің бизнесті орнықты дамыту саласындағы мақсаттарын іске асыратын және өңірлік желіде ЭЖӘ тәуекелдер бойынша талаптарды енгізуді үйлестіретін, сатуды басқарушы бөлімшелер;
- 3) Банк өнімдерін насихаттайтын, орнықты дамуға бағытталған, сондай-ақ тәуекелдерді бастапқы сәйкестендіруді және клиенттермен қарым-қатынасты жүзеге асыратын жеке менеджерлер сияқты фронт-офис қызметкерлері;
- 4) барлық аталған бөлімшелер кредиттік процесс шеңберінде ЭЖӘ тәуекелдерді анықтау, бағалау және төмендету рәсімдеріне қатысады.

7-тарау. Орнықты даму мәселелерін басқару тетіктері

38. Банктің орнықты даму және ESG басқару жүйесінің тетіктері Банк тұрақты немесе біржолғы негізде іске асыратын іс-шаралар мен бастамалар болып табылады, оның ішінде:

- 1) Банктің орнықты даму саласындағы стратегиясын бекіту;
- 2) осы Саясаттың және Банктің орнықты даму және ESG-тәуекелдерді басқару саласындағы өзге де ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;
- 3) міндеттер мен жауапкершілікті бөле отырып, сондай-ақ қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін қаржылық және өзге де ресурстармен қамтамасыз ете отырып, орнықты даму және ESG жүйесін, сондай-ақ ЭЖӘ тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру және дұрыс жұмыс істеуі үшін Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;
- 4) қоршаған ортаға көбірек қауіп төндіретін салалар немесе секторлар үшін ЭЖӘ тәуекелдердің ішкі лимиттерін белгілеу және әртүрлі экологиялық таза жобалар, салалар немесе секторлар үшін лимиттерді анықтау;
- 5) ESG тәуекелдерін басқарудың тәсілдерін және ESG қағидаттарын Банктің корпоративтік басқару жүйесіне, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне біріктіру;
- 6) орнықты даму (ESG) туралы ақпаратты ашу үшін Стратегиялық даму және ESG басқармасы басшысының ДҚ-ге қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 7) орнықты даму саласындағы стратегияның жүзеге асырылуын, Банктің орнықты даму мен ESG-ге, сондай-ақ ESG-тәуекелдерді басқаруға байланысты талаптарды сақтауын бақылау және мониторинг жүргізу;
- 8) орнықты даму (ESG) бойынша есептілікті қалыптастыру үшін деректерді жинау, талдау және сақтау жүйесін құру және оның уақтылы және сенімді ашылуын қамтамасыз ету;
- 9) қызметкерлер және басқа да мүдделі тараптар үшін олардың функциялары мен қызмет бағыттарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жүргізу;
- 10) мүдделі тараптармен тұрақты өзара іс-әрекетті ұйымдастыру және ESG күн тәртібін алға бастыру.

8-тарау. Мониторинг және есептілік

39. Орнықты даму және ESG саласындағы қызметтің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету үшін Банк тұрақты мониторинг жүргізудің және есептілік дайындаудың маңыздылығын мойындайды. Мүдделі тараптарды хабардар ету мақсатында Банк тиісті мәліметтерді Банктің жылдық есебіне енгізу және (немесе) орнықты даму жөніндегі жекелеген жыл сайынғы есепті (ESG) жариялау арқылы ашуды жүзеге асырады. Есептілік Банктің интернет-ресурсында (www.kmf.kz) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

40. Ашылатын ақпарат шынайылық, салыстырмалылық, уақтылық және маңыздылық қағидаттары негізінде қалыптастырылады, Қазақстан Республикасы

заңнамасының, реттеуші актілердің және үздік халықаралық практикалардың талаптары ескеріле отырып ашылады, конфиденциалды, банктік құпияға жатқызылған ақпаратты немесе қолжетімділігі шектелген өзге де ақпаратты қамтымайды.

41. Орнықты даму (ESG) бойынша жыл сайынғы есепті Банк ЕДБ және басқа қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген уәкілетті органның талаптарына сәйкес құрады, сондай-ақ Банк қаржылық емес ақпаратты ашу жөніндегі халықаралық стандарттар мен қағидаттарды ескереді.

42. Орнықты даму саласындағы ақпараттың ашылуын ұйымдастыру үшін жауапкершілік «КМФ Банк» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бөлінеді.

43. Банк жыл сайын жылдық есепті дайындау кезінде есепті жылдан кейінгі жылдың 30 шілдесінен кешіктірмей және жеке есепті дайындау кезінде есепті жылдан кейінгі жылдың 30 тамызынан кешіктірмей орнықты даму (ESG) туралы есепті жасайды.

44. Банктің орнықты даму және ESG саласындағы стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі қызмет нәтижелері мен прогресті бағалау үшін басқарушылық ESG-есептілік жүйесі құрылады. Ол ДК-ге стратегиялық ESG мақсаттарын орындау туралы нақты және өзекті ақпаратты тұрақты ұсынуды қамтамасыз етеді.

45. Банк әлеуетті әсерлерді уақтылы анықтауды және басқаруды қамтамасыз ете отырып, ЭжӘ тәуекелі жоғары кредиттік жобалардың тұрақты мониторингін жүзеге асырады.

46. Банк орнықты даму саласындағы реттеуші талаптардың, халықаралық стандарттардың өзгерістеріне және мүдделі тараптар мүдделеріне тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

9-тарау. Қорытынды ережелер

47. Осы Саясатты сипатталған процеске қатысатын Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері орындауға міндетті.

48. Жоғарыда баяндалған процеске қатысатын Банк қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес осы Саясат талаптарының сақталуына жауапты болады.

49. Осы Саясаттың талаптарын тиісті түрде орындамағаны және бұзғаны үшін жауапкершілік осы Саясатпен регламенттелетін процеске қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

50. Осы Саясат Банк қызметінің және ҚР заңнамасының өзгерістерін ескере отырып қайта қаралуы мүмкін.

51. Осы Саясатта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.

52. Осы Саясат Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен ғана өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін.